

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 2012 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасының жобасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 440 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 2012 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасының жобасы мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 9

м а м ы р д а ғ ы

№ 4 4 0

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

КЕЛІСІЛДІ

КЕЛІСІЛДІ

КЕЛІСІЛДІ

Беларусь

Қазақстан

Ресей

Республикасы

Республикасы

Федерациясы

Мемлекеттік әскери-

Ұлттық ғарыш

Өнеркәсіп және сауда

өнеркәсіп комитеті

агенттігі төрағасының

министрінің

төрағасының орынбасары

орынбасары

орынбасары

О.С. Паферов

М.М. Молдабеков

Ю.И. Борисов

2009 жылғы « »

2009 жылғы « »

2009 жылғы « »

**ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫ
МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ 2012 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН
МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ РАДИОНАВИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
2012 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекетаралық
радионавигациялық бағдарламасының
ПАСПОРТЫ**

- Бағдарламаның атауы - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 2012 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасы
- Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме - «Радионавигация» мемлекетаралық кеңесінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы шешімі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) экономикалық кеңесінің 2005 жылғы 23 мамырдағы және 2008 жылғы 4 сәуірдегі шешімдері
- Бағдарламаның мемлекеттік тапсырыс берушілері - Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігі
Беларусь Республикасының Мемлекеттік әскери-өнеркәсіптік комитеті
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
- Бағдарламаның негізгі әзірлеушілері - Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігі
Ресей Федерациясының Көлік министрлігі
Беларусь Республикасының Мемлекеттік әскери-өнеркәсіптік комитеті
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
- Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері - Бағдарламаның негізгі мақсаттары: спутниктік технологияларды қолдану есебінен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумақтарында радионавигациялық өрісті одан әрі дамыту, ұлғайту және жетілдіру; тұтынушылардың навигациялық қамтамасыз етуге талаптарының өскенін барынша қанағаттандыру үшін Достастық мемлекеттерінің, сол сияқты Еуропа мемлекеттерінің шеңберінде ғарыштық және жерүсті радионавигациялық жүйелердің өрістерін бірігіп пайдалану; халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО), Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО), Халықаралық шамшырақ қызметтері қауымдастығының (МАМС), Ресей Федерациясы, АҚШ және Еуропа радионавигациялық жоспарларының техникалық саясатын ескере отырып, ТМД-ға қатысушы

мемлекеттердің радионавигация саласындағы өзара келісілген техникалық саясатын үйлестіру және іске асыру болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:
радионавигациялық жүйелердің техникалық құралдарын жасауды және дамытуды қамтамасыз ету;
бәсекеге қабілетті навигациялық тұтынушылық аппаратураны әзірлеуді және жасауды,
радионавигациялық жабдыққа және спутниктік әрі жерүсті жүйелердің қызметтеріне жаппай сұранысты ынталандыруды қамтамасыз ету;
қазіргі заманғы радионавигациялық құралдарды кеңінен пайдалану есебінен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігін күшейту;
радионавигация саласындағы халықаралық келісімдердің және ТМД-ға қатысушы-мемлекеттер міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;
халықаралық ынтымақтастықты дамыту және халықаралық жобаларға қатысу;
радионавигациялық жүйелерді одан әрі дамыту мүддесінде ғылыми-техникалық және технологиялық негіздер құру және дамыту болып табылады.

Бағдарламаны - 2010-2012 жылдар іске асыру мерзімі

Кіші - Бағдарлама 3 кіші бағдарламадан тұрады:
бағдарламалар I кіші бағдарлама «Ұлттық жүйелердің негізінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигациялық жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын ұйымдық қамтамасыз ету» ;

II кіші бағдарлама «Тұтынушыларға арналған жабдық пен аппаратураны әзірлеуді қамтамасыз ету» ;

III кіші бағдарлама «ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тұтынушыларының мүддесінде радионавигациялық қамтамасыз ету құралдарын пайдалану».

Бағдарламаның - Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының Бас және Қазақстан Республикасының ғылыми-зерттеу орындаушылары ұйымдары.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі мен көздері

- Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Ресей Федерациясының 450 млн. рублін құрайды. Қаржыландыру ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бюджеттік және бюджеттен тыс көздерінен үлестік жарналар есебінен жүзеге асырылады (ТМД үкіметтері басшылары кеңесінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен бекітілген ТМД мемлекетаралық нысаналы бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және қаржыландыру тәртібіне сәйкес).

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтижелер

- Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтижелер мыналар: радионавигацияны пайдалану саласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау; халық шаруашылығы, ғылым және қорғаныс мақсатындағы объектілерді навигациялық-уақыттық қамтамасыз ету міндеттерін жаңа сапалы деңгейде шешу; ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің көлік кешенінің қауіпсіз жұмыс істеуін және жұмысының тиімділігін арттыру; радионавигациялық жүйелерді одан әрі дамыту және навигациялық қызметтердің әлемдік нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ғылыми-техникалық, технологиялық және өндірістік негіздер жасау және дамыту болып

табылады.

Бағдарламаның орындалуын бақылауды ұйымдастыру жүйесі

- Бағдарламаны іске асыруды бақылау белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үкіметтері басшылары кеңесінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық нысаналы бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және қаржыландыру тәртібінің VII Бағдарламаларды іске асыруды басқару және олардың орындалу барысын бақылау бөлімі).

1. Проблеманың мазмұны және оны бағдарламалық әдістермен шешу қажеттілігінің негіздемесі

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында алыс және жақын навигацияның жерүсті радионавигациялық жүйелерін пайдалануға негізделген навигациялық қамтамасыз етудің дамыған инфрақұрылымы құрылған және қазір қолданыста. Бірақ, бұл инфрақұрылымда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасы жарыққа шыққан сәттен бастап (1994 жылғы басылым) маңызды өзгерістер орын алды.

Азаматтық әуе тұтынушыларына арналған Жақын навигацияның негізгі жерүсті радиотехникалық жүйесі (ЖНРЖ) жиіліктер диапазонының халықаралық талаптарға сәйкес келмейтіндігіне және іс жүзінде қалған амортизациялық мерзімнің аздығына байланысты негізгі жүйе мәртебесін сақтап қала алмайды. Ең тығыз орналасқан жерүсті жетекті радиостанциялар желісі (СРЖ) дәлдігі жағынан қанағаттанғысыз сипатқа ие. Алыс навигацияның радиотехникалық жүйелерінің («Маршрут», «Тропик») қазіргі пішін үйлесіміндегі қамту аймағы азаматтық тұтынушылардың басым бөлігін қанағаттандырмайды, осының салдарынан олар осы жүйелермен жұмыс істейтін борттық қабылдағыш индикаторлармен жабдықталмаған.

Өзінің техникалық сипаттамалары бойынша дәстүрлі жерүсті радионавигациялық жүйелерінен (РНЖ) едәуір артықшылығы бар ГЛОНАСС (Ресей) және GPS (АҚШ) жаһандық навигациялық спутниктік жүйелерін 1993-1995 жылдары пайдалануға енгізу маңызды оқиға болды.

Алайда, қаржыландыру жеткіліксіздігі салдарынан ГЛОНАСС орбиталық топтамасын толық құрамда сақтап қалу, ГЛОНАСС/GPS сигналдары бойынша жұмыс істейтін біріктірілген борттық қабылдағыш индикаторларын қолданысқа кеңінен енгізу, спутниктік жүйелердің сараланған кіші жүйелерін құру және енгізу мүмкін болмады. Дегенмен, «Жаһандық навигациялық жүйе» федералдық нысаналы бағдарламасына (Ресей) сәйкес ГЛОНАСС орбиталық топтамасы 2009 жылы жұмысқа жарамды құрамға (18 ГА) дейін қалпына келтірілді және 2010 жылы толық құрамға (24 ГА) жеткізілді.

Сонымен қатар, көлік тасымалдарының қауіпсіздігін арттыру және тиімділігін қамтамасыз ету міндеттеріне орай тұтынушылардың радионавигациялық жүйелерге, атап айтқанда, РНЖ-ні қолдану аймақтарына, орналасқан жерді анықтау дәлдігіне, тұтастығына, сенімділігіне және қолжетімділігіне қоятын талаптары едәуір өсті. Бұл ретте ИКАО және ИМО халықаралық ұйымдары талап етілетін навигациялық сипаттамалар бойынша жаңа перспективалы стандарттарды практикаға енгізді.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумағының және олардың әуе кеңістіктерінің геосаяси жағдайының бірегейлігі Еуропа және Солтүстік Атлант өңірі елдерінен Орталық, Оңтүстік шығыс Азия және Тынық мұхиты өңірі елдеріне ішкі және транзиттік операцияларды жүзеге асыру қажеттілігін алдын ала айқындайды. Бұл

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің көлік инфрақұрылымын әлемдік көлік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде дамытудың орындығылын объективті түрде негіздейді.

Мемлекетаралық көлік тасымалдарының болжалды интермодальдық сипатына, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бүкіл аумағында көліктің қауіпсіз өту қажеттілігіне байланысты көліктің бір түрінен екінші түріне жолаушыларды қайта отырғызу және жүктерді қайта арту уақытын үйлестіру мәселелерін қоса алғанда, навигациялық сипаттарды сақтау дәлдігі және көлік процесін басқару сенімділігі бойынша қолданыстағы және перспективалы талаптар мен стандарттарды қанағаттандыру мақсатында көлікті толық навигациялық-басқару ақпаратымен қамтамасыз ету мәселесі неғұрлым өзекті болып табылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің алдыңғы Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламаларының (1994 және 2001 жылғы басылымдар) негізгі ережелерін іске асыру тұтынушыларды навигациялық қамтамасыз етудің алыс және жақын навигация жерүсті РНЖ-ні пайдалануға негізделген қолданыстағы инфрақұрылымын сақтап қалуға, ғарыштық технологияларды енгізуді бастауға, борттық жабдықты одан әрі жетілдіру мен біріктірудің және жерүсті жабдықтарын біріздендіруді жолдарын белгілеуге мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде ГЛОНАСС спутниктік радионавигациялық өрісі нақты іс-жүзінде қолданыста және даму үстінде екенін ескере отырып әрі АҚШ пен Еуропа Одағының тиісінше GPS және Галилео саласындағы саясатының негізгі қағидаларын назарға ала отырып, бүгінгі күні және перспективада ГЛОНАСС жүйесін басымдылықпен қолдана отырып, жаһандық навигациялық спутниктік жүйелерді олардың функционалдық толықтамаларымен бірге қолдану және жерүсті РНЖ-нің қажетті санын сақтап қалу басты бағыт болуы тиіс.

Осыған байланысты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигациялық жүйелерді пайдалану стратегиялары нақтылауды қажет етеді; осыған сәйкес Достастық мемлекеттерімен, сондай-ақ Еуропа мемлекеттерімен бірлескен радионавигациялық өріс құруды ескере отырып, РНЖ-нің жерүсті инфрақұрылымын түзету қажет.

Ғарыштық және жерүсті радионавигациялық жүйелерінің күрделілігі, навигациялық қызметтердің тапсырыс берушілерінің, орындаушыларының және тұтынушыларының әр алуандығы, сондай-ақ ресурстық шектеулер ғарыштық және жерүсті жүйелердің радионавигациялық өрістерін қолдау, дамыту және пайдалану міндеттерін шешу бағдарламалық-мақсатты тәсілді қолдану қажеттілігін негіздейді. Проблеманың ведомствоаралық және өңіраралық сипаты бар әрі мемлекетаралық деңгейде кешенді ұстанымды талап етеді.

Осы кезеңде радионавигация саласындағы саясаттың мақсаты бұл бағытта жүргізілетін барлық жұмыстарды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бірыңғай Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасының шеңберіне біріктіру болып табылады, бұл Бағдарламаны іске асыру олардың ғарыш

және жерүсті жүйелерінің радионавигациялық өрістерін әлеуметтік-экономикалық, сол сияқты әскери салаларда пайдалану мен дамытудағы күш-жігерін үйлестіруді, бюджет қаражатын Бағдарламаның басым мақсаттарын (міндеттерін) іске асыруға шоғырландыруға және бюджеттен тыс көздерді тарту үшін негіз құруға мүмкіндік береді.

2. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаттары:
спутниктік технологияларды және жерүсті РНЖ-ні пайдалану есебінен ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумақтарында радионавигациялық өрістерді одан әрі дамыту, өрістету және жетілдіру;

тұтынушылардың навигациялық қамтамасыз етуге талаптарының өскенін барынша қанағаттандыру үшін ғарыштық және жерүсті радионавигациялық жүйелерінің өрістерін Достастық мемлекеттерінің, сол сияқты Еуропа мемлекеттерінің шеңберінде біріктіріп пайдалану;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигация саласындағы өзара келісілген техникалық саясатын Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО), Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО), Халықаралық шамшырақ қызметтері қауымдастығының (ХШҚК) техникалық саясаттарын, Ресей Федерациясының, АҚШ-тың және Еуропаның радионавигациялық жоспарларын ескере отырып үйлестіру және іске асыру болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:
радионавигациялық жүйелердің техникалық құралдарын құруды және дамытуды қамтамасыз ету;

тұтынушылардың бәсекеге қабілетті навигациялық аппаратурасын әзірлеуді және жасауды, радионавигациялық жабдық пен спутниктік және жерүсті жүйелердің қызметтеріне жаппай бұқаралық сұранысты ынталандыруды қамтамасыз ету;

қазіргі заманғы радионавигация құралдарын кеңінен пайдалану есебінен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігін күшейту;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигация саласындағы халықаралық келісімдері мен міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

халықаралық ынтымақтастықты дамыту және халықаралық жобаларға қатысу; радионавигациялық жүйелерді одан әрі дамыту мүддесінде ғылыми-техникалық және технологиялық негіздер құру және дамыту болып табылады.

3. Бағдарламаны іске асыру мерзімі

Бағдарлама 2012 жылға дейінгі кезеңге есептелген.
Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері мен іс-шаралары ғарыш қызметі саласында

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы іске асырып отырған нысаналы бағдарламалармен, соның ішінде, Ресей Федерациясының «Жаһандық навигациялық жүйе» федералдық нысаналы бағдарламасымен, Беларуссияның Ұлттық ғарыш кеңістігін зерттеу және бейбіт мақсаттарда пайдалану бағдарламасымен, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен үйлестірілген.

4. Бағдарламалық іс-шаралар жүйесі

Бағдарлама шеңберінде өзара байланысқан және үйлестірілген, құрылымы жағынан 3 кіші бағдарламаға біріктірілген іс-шаралар (іс-шаралардың тізбесі қоса беріліп отыр) кешенін жүзеге асыру жоспарланып отыр:

«Ұлттық жүйелер негізінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигациялық жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын ұйымдық қамтамасыз ету» деген **I кіші бағдарлама** мынадай іс-шараларды қамтиды:

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигациялық жоспарын әзірлеу;
ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде Радионавигация жөніндегі мемлекетаралық және ұлттық ақпарат орталықтары құрамында «Радионавигация» мемлекетаралық ғылыми-ақпараттық жүйесін құру.

«Тұтынушыларға арналған жабдық пен аппаратураны әзірлеуді қамтамасыз ету» деген **II кіші бағдарлама** мынадай іс-шараларды қамтиды:

тұтынушылардың радионавигациялық жабдығы мен аппаратурасын сертификаттау үшін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сынау орталықтарын құру;

ТМД-да тұтынушылардың радионавигациялық жабдығы мен аппаратурасын, сондай-ақ радионавигациялық картографиялық өнімге сертификаттау жүргізу өлшемдері мен тәртібіне бірыңғай талаптарды қамтамасыз ететін сертификаттау жүйесінің жобасын әзірлеу;

бәсекеге қабілетті және жоғары технологиялық тұтынушылар аппаратурасы мен функционалдық толықтыру құралдарын жасауға арналған техникалық кескінін, схемалық-техникалық, бағдарламалық және конструктивті шешімдерді әзірлеу.

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тұтынушыларының мүддесінде радионавигациялық қамтамасыз ету құралдарын пайдалану» деген **III кіші бағдарлама** мынадай іс-шараларды қамтиды:

тұтынушылар аппаратурасында ЖНСЖ сигналдарын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативтік-техникалық құжаттама әзірлеу;

халықаралық нормалар мен талаптарға жауап беретін ТМД елдері жерүсті көлігінің зияткерлік жүйесін құру жөнінде тұжырымдама және техникалық ұсыныстар әзірлеу;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тұтынушыларының әртүрлі топтарының

мүддесінде радионавигациялық ақпаратты пайдалануды айқындайтын тұжырымдама әзірлеу.

5. Бағдарламаны іске асыру тетігі

Бағдарламаның үйлестіруші тапсырыс берушісі Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігі.

Бағдарламаға ұлттық мемлекеттік тапсырыс берушілер: Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Беларусь Республикасының Мемлекеттік әскери-өнеркәсіптік комитеті,

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі.

Мемлекеттік тапсырыс берушілердің функциялары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшылары кеңесінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық нысаналы бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және қаржыландару тәртібінде айқындалған.

Жұмыстарды орындау нәтижелерін жыл сайынғы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын бекітетін, «Радионавигация» мемлекетаралық кеңесі қарайды.

6. Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету

Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету ТМД-ға қатысушы мемлекеттер бюджеті қаражатының және олардың бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін тартуы есебінен жүзеге асырылады.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жұмыстарды қаржыландыруға үлестік қатысуы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшылары кеңесінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық нысаналы бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және қаржыландару тәртібіне сәйкес келісілген көлемде жүзеге асырылады.

7. Бағдарламаның әлеуметтік-экономикалық тиімділігі

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін ғылыми-техникалық тиімділік мыналардан: қазіргі заманғы жерүсті және спутниктік навигациялық жүйелерді пайдалану және тұтынушылардың перспективалы навигациялық аппаратурасын енгізу негізінде тұтынушылардың мол ауқымын координаталық-уақыттық анықтау дәлдігі мен жеделдігін арттырудан;

халық шаруашылығын және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, соның ішінде күзету-іздігі іс-шараларының

1	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигациялық жоспарын әзірлеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2010-2011	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радионавигациялық жоспары	Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат	36,0 Беларусь Республикасы - 12,0 Қазақстан Республикасы - 12,0 Ресей Федерациясы - 12,0	18,0 Беларусь Республикасы - 6 Қазақстан Республикасы - 6,0 Ресей Федерациясы - 6,0
2	ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде Радионавигация жөніндегі мемлекетаралық және ұлттық ақпарат орталықтарының құрамында «Радионавигация» мемлекетаралық ғылыми-ақпараттық жүйесін құру	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2010-2011	Қазіргі заманғы бағдарламалық аппараттық есептеу техникасы құралдарының және тиімді телекоммуникациялық жүйелер негізіндегі Мемлекетаралық және ұлттық ақпарат орталықтарымен Мемлекетаралық ғылыми-ақпараттық жүйе	Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат	51,0 Беларусь Республикасы - 17,0 Қазақстан Республикасы - 17,0 Ресей Федерациясы - 17,0	15,0 Беларусь Республикасы - 5 Қазақстан Республикасы - 5,0 Ресей Федерациясы - 5,0

II кіші бағдарлама «Тұтынушыларға арналған жабдық пен аппаратураны әзірлеуді қамтамасыз ету»

3	ТМД-да тұтынушылардың радионавигациялық жабдығы мен аппаратурасын, сондай-ақ радионавигациялық картографиялық өнімді сертификаттауды жүргізу өлшемдері мен тәртібіне қойылатын бірыңғай талаптарды қамтамасыз ететін сертификаттау жүйесінің жобасын әзірлеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2010-2012	Сертификаттау жүйесінің жобасы. Бағдарламаға қатысушы мемлекеттердің әрқайсысында қолданыстағы сертификаттау жүйелерін есепке ала отырып, халықаралық нормалар мен талаптарға жауап беретін тұтынушылардың радионавигациялық жабдықтарын және аппаратурасын, сондай-ақ радионавигациялық картографиялық өнімдерді сертификаттау мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар	Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат	36,0 Беларусь Республикасы - 12,0 Қазақстан Республикасы - 12,0 Ресей Федерациясы - 12,0	9,0 Беларусь Республикасы - 3 Қазақстан Республикасы - 3,0 Ресей Федерациясы - 3,0
4	ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде тұтынушылардың радионавигациялық жабдығы мен аппаратурасын	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының	2010-2012	Тұтынушылардың радионавигациялық жабдықтары мен аппаратурасын сертификаттау	Бюджеттік және	90,0 Беларусь Республикасы - 30,0 Қазақстан Республикасы	30,0 Беларусь Республикасы - 10 Қазақстан Республикасы

	сертификаттау үшін сынау орталықтарын құру	және Ресей Федерациясының ұйымдары		жөніндегі сынау орталықтары мен зертханалар	бюджеттен тыс қаражат	- 30,0 Ресей Федерациясы - 30,0	- 10,0 Ресей Федерациясы - 10,0
5	Тұтынушылардың бәсекеге қабілетті және жоғары технологиялық аппаратурасы мен функционалдық толықтыру құралдарын жасауға арналған техникалық кескінін, схемалық-техникалық, бағдарламалық және конструктивті шешімдерді әзірлеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2010-2011	Табиғи және техногендік апаттарды болжауға арналған аппаратураны қоса алғанда, тұтынушылардың бәсекеге қабілетті радионавигациялық аппаратурасын және функционалдық толықтыру құралдарын жасау үшін техникалық және бағдарламалық шешімдер	Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат	1 05,0 Беларусь Республикасы - 35,0 Қазақстан Республикасы - 35,0 Ресей Федерациясы - 35,0	15,0 Беларусь Республикасы - 5,0 Қазақстан Республикасы - 5,0 Ресей Федерациясы - 5,0

III кіші бағдарлама «ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тұтынушыларының мүддесінде радионавигациялық қамтамасыз құралдарын пайдалану»

6	Тұтынушылардың аппаратурасында ЖНСЖ дабылдарын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативтік-техникалық құжаттама әзірлеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2010-2011	ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде тұтынушылар аппаратурасында ЖНСЖ сигналдарын қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды құру үшін нормативтік-техникалық құжаттама	Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат	36,0 Беларусь Республикасы - 12,0 Қазақстан Республикасы - 12,0 Ресей Федерациясы - 12,0	12,0 Беларусь Республикасы - 4,0 Қазақстан Республикасы - 4,0 Ресей Федерациясы - 4,0
7	Халықаралық нормалар мен талаптарға жауап беретін ТМД елдері жерүсті көлігінің зияткерлік жүйелерін құру жөнінде тұжырымдама және техникалық ұсыныстар әзірлеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2012	Жерүсті көлігінің зияткерлік жүйесін, оның ішінде: ақпараттық қамтамасыз етудің кіші жүйелерін; техникалық қамтамасыз етудің кіші жүйелерін; технологиялық қамтамасыз етудің кіші жүйелерін; координаталық-уақыттық және навигациялық қамтамасыз етудің кіші жүйелерін; тахографикалық бақылаудың кіші жүйелерін құру жөніндегі тұжырымдама және техникалық ұсыныстар	Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат	60,0 Беларусь Республикасы - 20,0 Қазақстан Республикасы - 20,0 Ресей Федерациясы - 20,0	0,0 Беларусь Республикасы - 0,0 Қазақстан Республикасы - 0,0 Ресей Федерациясы - 0,0
	ТМД-ға қатысушы мемлекеттер						

8	тұтынушыларының әртүрлі топтарының мүддесінде радионавигациялық ақпаратты пайдалануды айқындайтын тұжырымдама әзірлеу	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұйымдары	2012	ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тұтынушыларының әртүрлі топтарының мүддесінде радионавигациялық ақпаратты пайдалану тұжырымдамасы	Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат	36,0 Беларусь Республикасы - 12,0 Қазақстан Республикасы - 12,0 Ресей Федерациясы - 12,0	0,0 Бел Республ - 0 Қазақст Республ - 0,0 Р Федерал - 0,0
---	---	--	------	---	--------------------------------------	--	---

Беларусь Республикасының
Мемлекеттік
комитетінен

бөлім бастығының орынбасары
әскери-өнеркәсіп

В.И. Михаленко

2009 жылғы « »

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК АҚ-ның
Ұлттық ғарыш агенттігінен даму жөніндегі вице-президенті

С.Т. Дүйсенев

2009 жылғы « »

Ресей Федерациясының Өнеркәсіп Радиоэлектрондық өнеркәсіп
және сауда министрлігінен департаменті директорының орынбасары

А.Е. Суворов

2009 жылғы « »

Бағдарлама бойынша жұмыс құны

Жұмыс №	Барлығы	Әр мемлекеттің үлесі	Оның ішінде барлығы, 2010 ж.	Әр мемлекеттің үлесі 2010 ж.
1.	36,0	12,0	18,0	6,0
2.	51,0	17,0	15,0	5,0
3.	36,0	12,0	9,0	3,0
4.	90,0	30,0	30,0	10,0
5.	105,0	35,0	15,0	5,0
6.	36,0	12,0	12,0	4,0
7.	60,0	20,0	0,0	0,0
8.	36,0	12,0	0,0	0,0
	450,0	150,0	99,0	33,0